КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2024 жылғы 04 шілде №7119-24-00-2/7742 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

"Астана-Энергия" Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – АҚ)

ЖАУАПКЕРЛЕР:

«Рысбеков» жеке кәсіпкері (бұдан әрі – ЖК)
«KR» ЖК

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Астана-Энергия» АҚ жауапкерлер «Рысбеков» ЖК және «KR» ЖК қатысты мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушылар деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Рысбеков» ЖК ЖСН 001006500494 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Рысбеков» ЖК ЖСН 001006500494 мемлекет пайдасына 1 864 (бір мың сегіз жүз алпыс төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Рысбеков» ЖК ЖСН 001006500494 "Астана-Энергия» АҚ БСН 041140002811 пайдасына 7 079 (жеті мың жетпіс тоғыз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 212 (екі жүз он екі) теңге сот шығындары өндірілсін.

«KR» ЖК ЖСН 001218501524 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«KR» ЖК ЖСН 001218501524 мемлекет пайдасына 1 864 (бір мың сегіз жүз алпыс төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«KR» ЖК ЖСН 001218501524 "Астана-Энергия» АҚ БСН 041140002811 пайдасына 13 755 (он үш мың жеті жүз елу бес) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 413 (төрт жүз он үш) теңге сот шығындары өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Документ подписан: Нурланов Б. К., 04.07.2024

Дата вступления в законную силу: 12.08.2024, судья Нурланов Б. К., 27.08.2024

7119-24-3-1/7076